

«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысының  
№6 хаттамасы

23 мамыр 2024 жыл

Ақтөбе қаласы «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Катысқандар саны: 7

Катыспағандар: 2

Катысқандар:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы - Қ.Қ.Табаналы
2. Кеңес мүшесі орынбасары – М.Қ. Қайыржанұлы
3. Кеңес мүшесі – М.М. Шукралиева
4. Кеңес мүшесі – Ш.Б. Абишева
5. Кеңес мүшесі – Г.М. Утарова
6. Кеңес мүшесі – Д.М. Сембай
7. Кеңес мүшесі – Б.Б. Дүйсенова

**Күн тәртібінде**

1.1. 2023-2024 оқу жылын аяқтау жөнінде тұжырымдама;

Сонғы қонырау мерекесіне ата-аналар тарапынан қаражаттың жиналмау мәселесі

1.2. Жазғы лагерьді ұйымдастыру

ДТІЖО Калдыбаева А.Б.

2. Жан басына шакқанда қаражаттың игерілуі, бөлінуі

Кенжебаева А.С.

3. Асханада оқушылардың тамақтану жағдайы (брәкеражды), комиссия қорытындысы

ДӘПЖО Наренов Е.А.

4.1. 2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы

4.2. Мектеп оқушыларының жазғы каникул кезіндегі өмір қауіпсіздігі

ДТІЖО Әбденов Ж.Н.

5. Жазғы мектеп жұмыстарын ұйымдастыру

ДБІЖО Орысбайқызы А.О

Тындалды:

Қамқоршылық кеңес мүшесінің орынбасары М.Қ. Қайыржанұлы күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөзді ДТІЖО Калдыбаева Ақмарал Боранбаевнага берді.

Былғы оқу жылының мектеп бітіру кештерін ұйымшылдықпен откізу, бітірушілердің өмірі мен деңсаулығын коргау, құқық бұзушылықты болдырмау және сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында білім баскармасының бұйрығы шығарылып, жалпы білім беретін мектептерде 2023-2024 оқу жылын аяқтау жөнінде тұжырымдама ұсынылды. Аталған бұйрыкка сәйкес, оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыруға және мектепке жөндеу

жұмыстарын жүргізуге оқушылар мен ата-аналардан, педагогтардан ақша жинауга қатан түрде тыйым салынған.

«Катан түрде ескертетін жәйт, барлық білім бөлімдерінің басшылары мен мектеп директорларына мектеп бітіру кештерін өткізу барысында бітірушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпсіз жағдай жасалуын қамтамасыз ету қажет, бітіру кештерін міндettі түрде мектеп қабыргасында және ауласында өткізу, шарага бітірушілердің мектеп формасымен қатысуын және барынша қарапайым түрде өткізілуін қамтамасыз ету жүктелген.

Сонымен қатар үйлер мен ресторандарда, баска да ойын-сауық орындарында мектеп бітіру кештерін өткізу және бітірушілердің автокөліктермен кортежге шығуна жол бермеу, бітірушілердің өмір қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу бағытында медициналық, өрт қызметтері, ішкі істер органдарымен бірлесіп шараптар қабылдау және мектеп бітіру кештерін үйимдастыру үшін ана-аналардан ақша жинамауды, ата-аналар тарапынан мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар берілуіне жол бермеуді және шарапарды мектептің қолда бар мүмкіндігімен үйимдастыру керектігі ескертіледі. Сондай-ақ, табигат аясына серуендеуге, өзен, көлдерге, шағын су алаптарына суға түсіune тыйым салу және төтенше жағдай болімдерімен бірлесіп кезекшілік үйимдастыру, бітірушілер, ата-аналар және педагогтар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын қамкоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп белсенді түрде жүргізу ұсынылған. Айта кетейік, соңғы қонырау мерекесі аясында мектеп бітіруші түлектердің қайырымдылық істеріне қолдау көрсетіледі. Атап айтар болсак, «Мектепке кітап сыйла» акциясы, ағаш егу бойынша «Мектепке сый» акциясы, әлеуметтік әлсіз отбасы мен балаларға «Шын жүректен – балаларға!» акциясы, «Тұган жерге тағзым», «Алғашқы ұстазыма алғысымды білдіремін» акцияларын үйимдастырылуына болады

Жалпы білім беретін мектептерде 2023-2024 оку жылын аяқтау тұжырымдамасы негізінде 24 мамыр – оку жылының сабагы өтетін күн «Білімім – Отаным!» тақырыбындағы жалпыреспубликалық бірынғай сынып сағатын өткізу туралы ұсыным. 24 мамырда «Білімім – Отаным!» жалпыреспубликалық бірынғай тәрбие сағаты Ақтөбе қалаларының білім баскармаларына (бұдан әрі – Білім басқармалары) қарасты білім беру үйимдарын-дагы 2023-2024 оку-жылын қорытындылау өткізіледі. Тәрбие сағатының концепциясы мен сценарийін Казахстан Республикасы Оку-ағарту министрлігі әзірлеуді.

2023-2024 оку-жылының қорытындысында өткізілетін тәрбие сағатының мақсаты балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуда құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуғе тәрбиелеу, жазғы демалыс кезеңіне балаларды әзірлеу.

Сынып сағаттарында негізінен патриотизм, Отанды сую, достық, татулық, ел тарихына құрмет таныту сынды ақпараттар айтылуы қажет. Сонымен қатар, дәстүр бойынша мұғалім сынып сағатында жазғы демалыс кезеңіде оку үшін кітаптар, карауға болатын фильмдер тізімін ұсынады. Тәрбие сағатына барлық білім алушылар катысады (1-10 сынып). Тәрбие сағаты сағат 9.00-де бір мезгілде басталады. Республиканың барлық мектептерінің әр сыныбы жалпыреспубликалық бірынғай сынып сағатына қатысады.

Тәрбие сағаты Әнұранмен басталады. КР Оку-ағарту министрлінің жалпыреспубликаның білім алушыларына құттықтау сөзін тыңдалап, республика бойынша балаларының жетістіктері туралы видеоролик койылады сілтемесі алдын ала жіберіледі.

Сонымен қатар, алдын ала түсіріліп дайындалған әр сыныптың балаларының жыл бойы халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық білім жетістіктері мен тәрбие тағылымы бойынша бір минуттық бейнеролик көрсетілуі немесе сынның жетекшінің дайындығымен көнінен аталаудың өтіу қажет. 9, 11 сыныптың түлектері үшін «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында мектеп қабыргасындағы балалық шактан болашакка қадамы туралы өз ойларын эссе жазу ұсынылады.

Педагикалық этика және сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында тыйым салынады.

- іс-шараны откізуге ата-аналардан ақшалай қаражат жинауга;
- әкімшілік және педагогикалық қызыметкерлерге сыйлықтар алуға немесе беруге;
- іс-шараларды откізуге аниматорларды, мерекелік агенттіктерді, жеке студияларды тартуға;
- мектеп бітіру кешін сән-салтанатты откізуге (*сыныпты безендіру, тулеңтің сыртқы көлбеті және т. б.*);
- аспанга шар ұшыруға;
- мерекелік үстелдер, салтанатты дастархан ұйымдастыруға;
- жалға берілетін автокөліктерді тарта отырып, кала бойынша көшпелі экскурсиялар откізуге;
- мектеп бітіру іс-шарасын мейрамханаларда, кафелерде және басқа да ойын-сауық орындарында ұйымдастыруға;
- «Алтын белгі» және ерекше үлгідегі аттестат иелерін бұкараптады аландарда (*қалалардың, облыс орталықтарының алаңдарында*) откізуге.

Жазғы лагерьдің ұйымдастырылуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға Калдыбаева Ақмарал Боранбаевна токталды. Жаз айлары - мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтілетін уақыт. Жыл бойы сабак барысындағы тоқсан арасындағы берілетін күндер демалыс болып есептелгенімен, жаз кезіндегі демалыстың мол мүмкіндігін бере алмайды. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабактан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзін қызыгуышылығымен

айналысуына, шығармашылықпен жұмыс жасау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл шараларды балалардың күндіз келіп демалатын жазғы сауықтыру лагері іске асырады.

«М.Ғабдуллин атындағы № 70 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің балалар мен жасөспірімдер арасында жазғы сауықтыруды ұйымдастырудың көп жылдан бері қалыптасып келе жатқан тәжірибелі, өзіндік қолтаңбасы бар. Жазғы сауықтыру басталғанға дейінгі мерзім ішінде мектептің педагогикалық ұжымында 1-11 сынып оқушыларының жазда бос уақытын дұрыс пайдалы откізу жөнінде кеңінен даярлық жасау жұмыстары атқарлады. Бағдарламаны даярлауға балалардың жазғы демалысын, бос уақытын дұрыс, пайдалы откізу, сауықтыруды ұйымдастыруға тәмемделгідей себептер болды:

- оқушылардың жазда ұйымшылдықпен жақсы тыныгуларын ұйымдастыруды балалар мен ата-аналарының сұранысының көп болуын байланысты;
- болашақ жоспарлаудағы қалыптасқан жүйені реттеу қажеттілігінен;
- бүгінгі лагерь жұмысында бұрынғы жылдардағы лагерь жұмысының сабактастырылғандағы жаңалықтары; жұмыс жасауда ескі жүйені жаңарту және жаңаша үлгілендіру;
- осы бағдарламаның мақсат, міндеттерін іске асыруда жасөспірімдер мен педагогтардың бай тәжірибелі шығармашылық іскерлігін, кеңінен пайдаланып, жұмыс жасау қажеттілігінен.

Лагерьдің негізгі құрамы-мектеп оқушылары. Лагерьге балаларды жинақтаганда аз қамтылған отбасы, көпбалалы отбасы, толық емес отбасындағы балаларға баса коніл бөлінеді. Сол сияқты зейнеткер ата-аналары бар балалар, киын жағдайға душар болған балалар назардан тыс калмайды. Педагогикалық ұжымын, ата-аналар қоғамдастырылғынын, оқушылардың, мектептен тыс ұйымдардың тығыз байланыста болуы, қарым-қатынас жасауы; оқушылардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру үшін қажетті әдістемелік, ұйымдастыру, ақпараттық қамтылу жағдайын жасау. «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де ұйымдастырылатын жазғы сауықтыру лагері бағдарламасы жас буынға туған өлкенің тарихын үйрету, Отанды суюге тәрбиелеу. Бұл-ұлттық бірегейлігімізді сақтауға, әрі Ұлы даланың ұлагатын ұрпаққа дарытуға бағытталған нақты іс-шаралар арқылы жүзеге аспак.

Жазғы сауықтыру демалыс лагерінің жұмыс уақыты келесі кестемен белгіленеді:

8.30-9.00. Балаларды қабылдау.

Саптық жиын. Таңертенгілік жаттығу.

9.00-9.30. Таңертенгілік ас

9.30-10.00. Танымдық іс-шаралар. Спортық белсенді ойындар.

10.00-11.30. Үйірмелік жұмыстар(кітапхана,

11.30-12.00 Түрлі шаралар.

12.00-17.00. Отырып ойналатын ойындар.

Әтілген күнді корытындылау. Рефлексия.

Жазда сауығып, демалатын балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайы:

- Аз қамтылған отбасылардан бала саны – 20 бала
- Алқалық комиссия мүшелерінің шешімі бойынша - 10 бала
- Жетім бала саны- 0
- Төтенше жағдай (үйлері суға кеткен отбасының балалары ) – 20
- Атаулы қомек алатын отбасылар саны -10

Жазғы демалыс лагерінің жұмыс жасау тәртібі:

Демалушылар үшін - 03 маусым -28 маусым аралығында екі аусымда жұмыс жүргізеді.

I- аусым 03 - 14.06.2024 жыл

II-аусым 17 – 28.06.2024 жыл

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Жан басына шаққанда қаражаттың игерілуі, бөлінуі жөнінде ДТДЖО Кенжебаева Салтанат Амангосовна сез алды.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің Мәлік Фабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп коммуналдық мекемесі бойынша 2024 жылға жан басына шакқандағы 1418 бала 66 436 000 теңге қаржы болінді. 66 436 000-18136308= 48299692. 5 ай толық 36 022 000, игерілді-12 278 000 жыл сонына дейін келісім шарт қаржысы.

149 – ерекшелік бойынша – 14 222 00 теңге спорт товарлары, құрылымдары, көңсеге тауарлары, шаруашылық бұйымдары алынды.

158 – ерекшелік бойынша-2795000 Парус Каз программасы-1187000, 1 С программасы-650000, домен-36500, Білім Ленд-381440

159-ерекшелік бойынша 25 519 000,00 күзет, тех обсживание газовых оборудование пожарный видеонаблюдение, ГРПШ, ішкі және сыртқы, дезенфекция, отчистка канализация жұмыстармен келісім шартқа отырылды, алдағы айларда шағын футбол аланын жасатуға ашық конкурсқа беріледі. Жүгірме жолдарын, ойын аландарын жөндеуді өткізу және жылдыту қазандықтарына ішкі жөндеулер өткізу жоспарлаудамыз.

414-23001 16 лед экран алынды-21 799 815 теңге. 1200 000 кондиционер алынады.

419-899 000 аристон и диспенер жоспарлануда.

163-ерекшелік бойынша – 67182 000 жергілікті бюджеттен болінді. 59 360 000 тенгеге тамақтану бойынша келісім шартқа отырылды. 1-4 класс 644 бала тамақтанады. 5-11 класс бойынша 86 аз қамтылған отбасы балалары тамақтанады. 1 800 000 теңге – 20 бала демалыс орнына жіберуге ашық конкурс ойнатылады екі рет, қатысушы талапкерлер болмаган себепті ценовкага ойнатылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, ДЭПЖО Наренов Есет Асаубекұлы Асханада оқушылардың тамақтану жағдайы (бракеражды) комиссия корытындысы жөнінде сез алды.

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуіріндегі №13 шешім негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нін 26.07.2023ж №2/3985 шығыс хаты негізінде, 04.09 күнінін бастап мектебімізде 1-4 сынып оқушылары тегін тамақтанды.

Жыл басында I кезеңде 1-4 кластар, II кезеңде 2-3 кластар . бастауыш кластар бойынша барлығы 650 бала, жыл сонында 644 бала тамақ ішті. КР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 қаулысына сәйкес, аз қамтылған оқушыларды жалпыға бірдей білім беру корынан ыстық тамақпен қамту максатында, ата – аналардың өтініші негізінде, құжат жинау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жергілікті бюджеттен тегін тамақтанатын 5-11 кластардан жыл басында оқушы саны -93, жыл сонында 86 бала оның ішінде атаулы әлеуметтік қомек алатын отбасы балалары –21, көп балалы және аз қамтылған отбасы балалары- 52, алқалық комиссияның шешімі бойынша -21 ,жетім бала -3 ыстық тамақпен камтамасыз етілді. Мектебімде бір күнде 732 бала тамақтанады.. 5 рет тамақтану кезеңі кестеге

М.Ғабдуллин атындағы №70 ЖББОМ базасында ағымдағы жылдың 27-31 мамыр және 26-30 тамыз аралығында 1-8, 10-сынып білім алушылары үшін жазғы мектеп ұйымдастырылады. КР Оқу-агарту министрлігі ұсынған 2023-2024 оку жылында жазғы мектеп ұйымдастыру  
бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынды. Жазғы мектеп кезінде  
тәжірбиелі, үздік, шебер, зерттеуші педагогердің қатысуымен білім сапасын жақсартуға  
үлгерімі нашар білім алушыларға қолдау көрсету шаралары ұйымдастырылады.  
Оқушылардың сыни ойлауды дамытуға, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға,  
интеративті оқыту әдістемелерін қолдануға, сабактарды оқу сыныптарынан тыс, таза ауда  
ұйымдастырып, цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімді мүмкіндіктер қарастырылатын  
болады.

Кенес мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлегендерді тыңдал, талқылап  
каулы етеді


**Каулы:**

- 1.1.2023-2024 оку жылын аяқтау жөнінде тұжырымдамасы басты назарға алынып, мектеп  
әкімшілігі қатаң бақылауға алсын;
- 1.2.Жазғы лагерьді тиімді ұйымдастыру мектеп әкімшілігінің жоспарларына сәйкес,  
мектеп жаңындағы лагерьге, қала сыртындағы лагерьге оқушылардың қамтылуына келісім  
беріліп, көрсетілген оқушылардың құжаттарының қадағалануы әлеуметтік педагог  
мамандарына жүктелінсін
2. Жан басына шаққанда қаражаттың игерілуі, бөлінуі жөнінде С.А. Кенжебаева  
жүктелінсін.
3. Асханадағы оқушыларға ыстық тамақтың берілуінде сапалы азық тулікпен қамтамасыз  
етілуі, қолдануы, сақталуы, тазалығы жөнінде қадағалау жұмыстары қанағаттанарлық  
деп танылсын
- 4.1.Алдағы 2024-2025 оку жылындағы мектеп формасы бірауыздан ұсынылған шешімге  
сәйкес қабылдансын.
- 4.2.Мектеп оқушыларының жазғы каникул кезіндегі өмір қауіпсіздігі класс жетекшілерге,  
оқушыларға, ата-аналарға түсіндіме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналардан қолхат  
алынсын, оқушылардың өмір қауіпсіздігі ата-аналарға жүктелсін.
- 5.Жазғы мектеп жұмыстарын ұйымдастыру М.Б.Смагулова, А.О.Орысбайға жүктелсін.

Қамкоршылық кенес төрагасы

  
К.К.Табаналы

Хатшы:

  
А.А.Тансикова